

Алыптар отаны

Көрікті ойсыз тартардай азап адам,
Мынандай бір ой мені мазалаған;
Шет өңірі—Отаны алыптардың,
Ал, алыптар тумак қой өз анадан.

Сәтінде де қабағы қырауланған,
Көңілінің төріне қыран конған
Көсем—ана Қарқабат соның бірі,
Күллі Қаракесекке ұран болған.

Тұрмас оның ізіне төгілмей нұр,
Тұрмас өзі өлең боп өрілмей бір.
Шынында Қарқабаттай анаға бай,
Дарабоз данаға бай өңір ғой бұл.

Тән еді сол анаға нағыз Жігер,
Ел өзін:—Ақылды да,
«Ауызды», — дер,
Ұқсар соған Шет жактық Бақай, Бике,
Борсылдақ, Апар, Дәрі тәрізділер.

Қиындыққа кеудесін тоса кеткен,
Даналарға қараймыз қошаметпен.
Осында орда бұзар орақ тілмен,
Жайсаң жақсы Жанғұтты шешен өткен.

Өңшең дарын топтасып маңайына,
Ұстаз болған жан еді талайына.
Дуалы бата берген Жәкең осы,
Ақындар әулиесі Абайыма.

Алтынмен айшықтай ғап бақ—беделін,
Жәкеңін тұтар мәңгі мақтан елім.
Қасиетті сол жанның сүйегі де,
Қасиетті Меккеден тапқан орын.

Талдырмай шабыт—құстың сәл қанатын,
Өткен мұнда Шортанбай—саңлақ акын.
Алаулап айтысарда ол,
Әр көңілге,
Төкпе—жыр жалынымен шам жағатын.

Тістентіп жауызға тән жат ұраны,
Көктемей көктем—көңіл жапырағы,
Өксулі акын жанын талай-талай,
Жабырқатты-ау зар—заман запыраны.

Алға тек өнер көшін тарта алатын,
Айтыста леп әкелген Арқаға тың,
Маясардай марқасқа Отаны бұл,
Ол да бір орны бөлек,
Арқалы акын.

Арқалы ақын.

Қан майданда түрі жоқ жаңылмақтай,
Батырларсыз түнек мол,
Жарық жоқтай,
Мекені бұл ерлердің ел қорғаны,
Ағыбай, Жидебай мен Жарылғаптай,

Жетелей ғап өткен сол шақтарды алға,
Бола ма мынаған да шаттанбауға?;!
Тақым басып тұлпарға қыздары да,
Қару ұстап колына,
Шапқан жауға.

Өздерін сескентпеген сұм айбары,
Қыздар ісі—ерліктің шын айғағы.
...Шет жақтың көп қой әлі тілге тиек,
Етердей ығайлар мен сығайлары.

Бұл күнде ғұмыр кешкен бие байлап,
Ел—жұрты мол ырысқа иедей нақ.
Тарихы тамырын терең жайған,
Аумақты аймақ бұл,
Киелі аймақ.

Жұрты жүр күдер үзбей баршылықтан,
Сөз болмай кей тапшылық,
Таршылықтар.

Жас ұрпағы жасампаз жанға айналып,
Бәйтерекке айналып тал—шыбықтар.

(Бүгін былай сөйлейін сергек үнмен,
Сергектіктен шет қалсам,
Сенгенім ғой;) ...Сенемін мен осыған,
Соқыр емес,
Көзі түзу құдайға сенгенімдей.

...Шет жұрты,
Қуанышқа мәңгі кенел,
Пірің болып өлең—жыр,
Ән-күй—өңір.
Жебей берсін Шортанбай, Жанғұттыдай,
Әулие,
Қарқабаттай әмбиелер!

Свет ОРАЗАЕВ, Ақадыр кенті.